

ІРГЕЛІ МАТЕМАТИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА

ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ

ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылында 6B05401-Математика, 7M05401-Математика және 8D05401-Математика БББ бойынша барлығы 104 білім алушы бітіруі керек еді. Оның 2 студенті ғана ақылы түрде оқиды, 4 студент қорғауға жіберілмей қалды. Сонымен, 6B05401-Математика – 67 студент, 7M05401-Математика – 11 магистрант және 8D05401-Математика БББ бойынша – 13 докторант бюджеттік түрде оқып шығып, грантты өтеуге міндеттеме алды.

Оқу жылының алғашқы айында түлектерді жұмысқа орналастыру жұмысының жоспары талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді. Ары қарай жұмыс жоспар бойынша өрбіді. Алдымен бітіруші курстардың базасын жасап, мекен-жай, контактыларын жаңаладым. Бітіруші білім алушылармен таныстым.


Мемлекеттік бюджеттің қаржысы бойынша оқыған түлектердің үш жыл жұмыс істеп грантты өтеу – маңызды борыштары болғандықтан, оларға алдыда қателіктерге не болмаса мемлекет алдында қарыздар болып қалмау мақсатында түсіндіру жұмыстары желтоқсан айы (онлайн) мен сәуір айында (офлайн) өткізілді. Білім алушылар алғашқы түсіндірме жұмыстарына толық мән бермей, аз ғана бала қатысты. Сондықтан офлайн тағы өткіздік. Одан басқа чат ашып қажетті ақпаратты жеткізіп отырдық, кураторларды да іске қостық.

2022 жылғы түлектердің жұмысқа орналасқандығы туралы ақпарат жинап, олардың анықтамаларын Платонус жүйесіне енгізіп, ол мағлұматтар бойынша талдау жасадым.


№	Мамандық атауы	Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандар пайызы
1	«D092-540100-Математика» докторантура	8	100 %
2	«M092-540100-Математика» магистратура	7	100 %
3	«6B060100-Математика» бакалавриат	32	100 %
	Общее число выпускников:	47	100 %

Келесі диаграммада әрбір бөлім бойынша түрлі мамандықтар бойынша жұмысқа орналасуға талдау жасалған:


Бакалавр



Магистратура



Докторантура



ЭЦҚ арқылы түлектер Платонус жүйесінде қол қойып, өздері туралы мәліметтерді растап, грантты өтеу міндеттемесінен бас тартпайтындықтарын білдіретін бұл процесс аса маңызды. Бұл дайындық барысында көптеген түсіндірме, ұйымдастырушылық жұмыстары өтті. Атап өтсем, көптеген білім алушыларда, әсіресе студенттерде ЭЦҚ кілті жоқ, немесе бар болса да, паролін ұмытқан, бөлімшелерді дұрыс толтырмау, анықтамадағы мәліметтерді дұрыс жазбау, т.с.с. Бір айтатыным, жаңадан алған ЭЦҚ кілті тек 1 күннен соң ғана Платонусқа қол қоюға жарамды екен. Осы жағы кішкене ыңғайсыздық туғызды.

Жоғарыдағы қателіктер мен мәселелерді шешу мақсатында, студенттерді университетке шақырып, ЭЦҚ алуға, Платонусты толтыруға көмек бердім, қастарында тұрып жасап та бердім. Желтоқсанның 30-на дейін 100 пайыз толтырып шықтық. Алдағы жұмысқа орналастыру кезінде бұл қателіктерді орын алдыртпайды деп үміттенемін.

2022-2023 оқу жылында сәуірдің 26сы күні бас ғимаратта «ЕҰУ 2023 вакансиялар» жәрмеңкесі өткізілді. Оған білім беру, құрылыс, өндірістік, қаржы, медициналық, әлеуметтік саладағы 150-ден астам жұмыс беруші қатысты. Биылғы жылы мыңдаған студенттер мен түлектерге ағымдағы бос жұмыс орындарымен танысып, түйіндемелерін жіберуге мол мүмкіндік берілді.

Вакансиялар жәрмеңкесіне факультет деканы Қозыбаев Д.Х., факультет бойынша жұмысқа орналастыруға жауапты Кенжебекова Г.С. және әр кафедраның жұмысқа орналастыруға жауапты оқытушылары мен меңгерушілері, бітіруші түлектеріміз қатысты. Арнайы шақырылған жұмыс берушілеріміз - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Инфрақұрылымды пайдалану департаментінен Өмірбек М., Әшірбаев Н. де қатысты.

Жұмыс берушілерден түлектердің сапасы жайлы сұрау алынды. Оған қажетті базаны тағайындап, сұрау нәтижесін талдадым.

Түлектердің жұмысқа орналасуға үлестіруіне дайындық жасадым, оларға мәліметтерді дұрыс толтыруын қадағалап, жолдама мен міндеттемелерін жинақтадым.



Жәрмеңке барысында аралап жүріп студенттердің резюмелерін келген жұмыс берушілерге математик, аналитик мамандар қажет деген орындарға қалдырып кеттім. Байқағаным, көпшілігі ағылшын тілін білетін мамандарды сұрайды екен.



Жәрмеңке жұмыс берушілерге де, бітіруші түлектерге де пайдалы өтті.

Іргелі математика кафедрасының меңгерушісі Алдай М. мен оқытушылары Тлеулесова А.Б., Кошкарлова Б.С., Жумабаева А.А. және жұмысқа орналасу ісіне жауапты Канкенова А.М. мен түлектердің қатысуымен 12 сәуір күні 227 аудиторияда кездесу өткізілді. Онда алдағы Мемлекеттік аттестацияны сәтті өтулерін тілеп, ары қарай магистратураға, докторантураға түсуге шақырып, жұмысқа орналасуға жолдама, міндеттемелерді дұрыс толтыру, егер жұмыс істесе анықтама тапсыру, алдағы уақытта байланыста болып отыруларын атап өттік.



Іргелі математика кафедрасының түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жауапты

Іргелі математика кафедрасының меңгерушісі

Канкенова А.М.

Алдай М.